



ПРЕЗИДЕНТ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІНЕ БІРҚАТАР МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ



Мемлекет басшысына еліміздің ауыл шаруашылығы секторының биылғы 10 айда атқарған жұмыстарының негізгі көрсеткіштері жөнінде мәлімет берілді, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысына Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында бекітілген міндеттердің орындалуы туралы баяндалды, сондай-ақ аталған саланы одан әрі жетілдіруге қатысты жоспар таныстырылды.

Айдарбек Сапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа жиын-терін науқанының қорытындысы, биыл отандық шаруалардың қиын жағдайда жұмыс істегені және Үкімет қабылдаған қолдау шаралары жайында айтты.

Кездесу соңында Президент министр-ге саланы 5 жыл ішінде дамудың жаңа белесіне шығару, соның ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 2 есе арттыру жөнінде міндет жүктеді. Ол үшін аталған салада мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіруге, шаруаларды жеңілдетілген қаржымен және субсидиямен қамтамасыз етуге, егіс алқаптарын өртараптандыруға және ауыл шаруашылығы ғылымын дамытуға бағытталған құрылымдық және институционалдық реформалар жүргізу қажет.

ҚАЗАҚСТАН Өңірлерінде дабыл қағылады

Қазақстан бойынша сирена қосылады. Елімізде 23 қарашада ескерту жүйесіне республикалық тексеру жүргізіледі, - деп хабарлайды ТЖМ.

"2023 жылғы 23 қарашада сағат 12:55-те (Астана уақыты бойынша) республика бойынша электр сиреналарын, сиреналық-сөйлеу құрылғыларын іске қосып, теле-радио хабарларын таратуды тоқтата отырып, құлақтандыру жүйесін тексеру жүргізіледі. Осы іс-шара "Қыс-2023" республикалық командалық-штабтық оқу-

жаттығуы аясында өткізіледі", - делінген хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, төтенше жағдай орын алған кезде халықтың назарын аудару үшін электр сиреналар, сиреналық-сөйлеу құрылғылары немесе басқа да дабыл құралдары қосылады, ол "Баршаның назарына!" бірыңғай құлақтандыру дабылын

білдіреді. Бұл дабылды естіген кезде тұрғындар орын алған жағдай кезінде әрекет ету туралы мәліметтер мен нұсқаулар алу үшін қолжетімді ақпарат қабылдау құралдарын (телеарналар, радиолар, интернет сайттар, әлеуметтік желілер, мобильді құрылғыларға арналған қосымшалар және т.б.) дереу қосуы керек.

"Төтенше жағдайлар министрлігі азаматтарды сабыр сақтап, үрейге бой алдырмауға кеңес береді".

Ауданда ЖАРЫҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУДЕ

Солтүстік Қазақстан облысында боранның салдарынан электр қуатынсыз қалған елді мекендердің саны 183-тен 55-ке дейін қысқарды. Энергетиктер 22 қараша сағат 15.00-ге дейін қалған ауылдарға жарық беруді жоспарлап отыр, деп хабарлайды Kazinform.

СҚО Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Владислав Лукиннің мәліметіне сүйенсек, 18 қараша күні облыста 183 елді мекен жарықсыз қалды. Әсіресе Мағжан Жұмабаев ауданында жағдай нашар болды. Магистралды желінің тіреуіші құлады. Бұл аудан электр қуатынан толық ажыратылды.

"Электр желілері «Севказэнерго» АҚ меншігі, компанияның көмегімен елді мекендерге электр қуаты беріліп жатыр. 46 бригада құрылған болатын. 183 техника жұмылдырылды. Қазіргі уақытта 7 ауданның 55 елді мекенінде жарық жоқ. Олар – М.Жұмабаев, Ақсайың, Тимирязев, Есіл, Шал ақын, Қызылжар және Тайынша аудандары. Энергетиктердің хабарлауынша, 22 қараша күндізгі сағат 15.00-ге дейін барлық елді мекендер электр қуатына қосылады», - дейді Владислав Лукин.

Мәселе туындасымен-ақ облыстық әкімдік басшылығының қатысуымен штаб құрылып, жұмыс жоспары жасалды. «Біз әлеуметтік нысандарда жылыту жүйесінің қатып қалмауын негізгі міндет етіп алдық. Олар бірден резервті қуат көзіне қосылды. Яғни орталық қазандықпен жылытылатын мектептердің, емдеу мекемелері мен тұрғын үйлердің жылыту жүйесі қатқан жоқ.

Өңірді сумен қамтып отырған «Есіл су» филиалы да күшейтілген тәртіпте жұмыс істеп жатыр. Су тәулік бойы болмаса да, күніне бірер сағатқа берілуде», - дейді Владислав Лукин.

Маманның айтуынша, басты



қиындық – электр желісіндегі апат орнын табу. Табылған жағдайда бригада тәулік бойы жұмыс істей алады. Ал техника қауіпсіздігі талабына сай, олар апат орнын белгілі бір кешкі уақытқа дейін ғана іздей алады, одан кейін қауіпті, мамандар жұмысты тоқтатуы тиіс. Яғни үзілген, істен шыққан электр желілерін анықтау ұзақ уақытты алып жатыр.

«Жалпы өңірде электр жабдықтары ескірген, бұл облыс әкімінің бақылауында. «Севказэнерго» АҚ бірге жылу, электрмен жабдықтауда қауіпті аумақтар анықталды. Компаниямен бірге бұл учаскелерді жаңғыртатын боламыз. Мемлекеттік бағдарламалардың аясында қалпына келтіреміз, бір бөлігін «Севказэнерго» жөнге келтіреді. Қазіргі уақытта электр желілерінің 95% тозығы жеткен», - дейді Владислав Лукин.

Естеріңізге салайық, 18 қараша күні СҚО-да жаңбыр жауып, арты қарға ұласты, боран тұрды. Желдің екпіні секундына 25 метрге дейін жетті. Салдарынан мұз қатқан электр сымдары шыдамай, үзілді. Мамандар оның салдарымен өлі күресіп жатыр.

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТТІҢ КҮШЕЙТІЛГЕН НҰСҚАСЫНА АУЫСТЫРЫЛДЫ

Саяжайларда, құрылыс объектілерінде, базарларда, шаруа қожалықтарда, жалдамалы пәтерлерде, шалғай жерлерде тексеру жүргізіледі. Алкогольді ішімдік ішу, қоғамдық орындарда мас күйде жүру, белгіленбеген жерлерде темекі шегу, ұсақ бұзақылық жасау, ортақ пайдалану орындарын ластау, тыныштықты бұзу, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға жол беру сынды құқық бұзушылықтарға "мүлдем төзбеушілік" қағидаты

Полиция қызметкерлері қызметтің күшейтілген нұсқасына ауыстырылды, - деп хабарлайды Polisia.kz.

қолданылады. Қорғау нұсқамасы шығарылған, мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған, ІІО есебіне алынған адамдар, маскүнемдер, нашакорлар, қолайсыз отбасылар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша рейдтер жүргізіледі.

Сонымен қатар, жол жүрісі қозғалысы мәселесіне бақылау күшейтілді. Стихиялық қоқыс орын-

дарын және олардың шығу көздерін анықтау бойынша шаралар қабылданып жатыр. Операцияның негізгі бағыты – қоғамдық тәртіпті сақтауды және көшелердегі профилактиканы күшейту.

«Әр қызметкер заң атынан нақты әрекет етуі керек. Азаматтармен сыйлап болуды ұмытпау қажет. Заң бәріне бірдей», - деп атал өтті ҚР Ішкі істер министрі Ержан Саденов.

АЛДАҒЫ ЕКІ КҮНДЕ ОБЛЫСТА БОРАН, ҚӨКТАЙҒАҚ БОЛАДЫ



22-23 қарашада Солтүстік Қазақстан облысының басым бөлігінде жаңбыр, қар жауып, боран соғады. Арты көктайғаққа ұласады, деп хабарлайды Qazaqstan Media тілшісі.

Дауылды ескерту жайлы СҚО ТЖД хабарлама таратты. Облыстық гидрометеорология орталығының мәліметі бойынша, 22 қарашада облыстың оңтүстігінде, шығысында, 23 қарашада облыстың оңтүстігінде, батысында кейде жерлерде желдің екпіні секундына 30 метрге болмақ.

Алдағы екі күнде Петропавлда жауын-шашын, көктайғақ, боран болады деп күтілуде. Оңтүстік-шығыстан соққан желдің екпіні секундына 23-28 метрге жетеді.

«Осыған байланысты ҚР ТЖМ ұсынады: – үй ішінде көбірек болу үшін өз іс-әрекетіңізді ұйымдастырыңыз;

– балаларды ерекше бақылауға алыңыз; – елді мекендерден тыс жерлерге шықпаңыз; – бұл ақпаратты көршілерге хабарлаңыз, қажет болған жағдайда науқастар мен қарттарға көмек көрсетіңіз», - делінген СҚО ТЖД таратқан хабарламада.

АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ЖЕТІСТІКТЕРІ, БАҒДАРЛАРЫ, МІНДЕТТЕРІ

Соңғы жылдары білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайту бойынша жұмыстар қарқынды түрде жалғасуда. Мектептер мен балабақшалар үшін сапалы жағдай жасауға қомақты қаражат бөлінуде. Мәселен, 2022 және 2023 жылдардың жазғы кезеңінде №2 Булаев, Совет, Ұзынкөл, Медвежка, Октябрьское орта мектептерінде жалпы сомасы 390 миллион теңгеге күрделі жөндеулер жүргізілді. Терезелер мен жылыту жүйесі ауыстырылды, шатырлар жөндеді, үй-жайлардың іштерін өрлеу және тағы да басқа жұмыстар жүргізілді. Білім беру ордалары шынымен де өзгерді.

Ағымдағы жөндеулер есебінен биыл Сартомар орта мектебінде терезелер ауыстырылып, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында үй-жайларды өрлеу жүргізілді. Сондай-ақ Бинаш негізгі мектебінде шатыр, терезелер және едендер ауыстырылып, осы мақсаттарға бөлінген жалпы сомасы 55 миллион теңгеге құрады.

Қазіргі уақытта барлық білім беру ұйымдарында дәретхана жайларын күрделі жөндеу бойынша үлкен жұмыстар атқарылды. Дәретхана бөлмелерінде плиталар ауыстырылып, қол кептіргіштер, су жылытқыштар орнатылды. Осы қажеттіліктерге 15 миллион теңге бөлінді.

Ауданда «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты - орта білім беру жүйесіндегі сапаны жақсарту және қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету, ауылдық және қалалық білім алушылар арасындағы үлгерімдегі алшақтықты қысқарту болып табылады.

Біздің ауданда 2022-2023 оқу жылында 7 мектеп жаңғыртумен қамтылды (Чистов ОМ, М. Жұмабаев ат. ОМ, Возышенка ОМ, Қарақоға ОМ, Булаев МББК және Октябрьское ОМ). Қарақоға, Сарытомар, Октябрьское орта мектептеріне химия, биология және физика пәндерінің кабинеттері сатып алынды. Асханалар жаңа жабдықтармен жабдықталып, мектеп жиһаздары жаңартылған.

Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы білім беруді тұрақты дамыту қоры (құрамында «Қазақ халқына», «Асыл Мирас» сияқты қорлар) есебінен жалпы сомасы 250 млн. теңгеге жиһазбен және жабдықпен жабдықталған. Бүгінгі таңда мектеп-гимназияның кабинеттері заманауи органикалық техникамен жабдықталған: интерактивті тақталар, ақпараттық дүңгірек, 44 монитор және жүйелік блок, интерактивті панелдер, проекторлар, теледидарлар және т.б. Сондай-ақ, кабинеттер оқушылар мен мұғалімдерге арналған жаңа үстелдермен, орындықтармен, шкафтармен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етілген. Спорт залы барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған (маттар, бөрене, арқан, баскетбол, волейбол және футбол доптары).

2023 жылдың тамыз айында біздің аудан 20 орынға арналған 2 жаңа мектеп автобусы сатып алынды, олар апта сайын көрші ауылдардан Совет және Сартомар орта мектептеріне оқушыларды тасымалдайды, сондай-ақ, күн сайын балаларды Булаев қаласының шетінен қажетті мектептерге жеткізеді.

Білім беру жүйесі – біздің ауданның ең ірі әлеуметтік саласы. 1800-ден аса мектеп қызметкерлері, 4424 оқушылары және мектепке дейінгі балабақша мекемелері, ал білім алушылардың ата-аналарын есептегенде, аудан халқының жартысы білім саласымен тығыз байланыста екенін сеніммен айтуға болады. Сондықтан, көбінесе, қоғамдағы әлауап пен тұрақтылық біздің күнделікті жұмысымызға байланысты.



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдан бастап «Мектепке жол» республикалық науқаны аясында халықтың әлеуметтік осал топтарының отбасыларынан шыққан білім алушыларға біржолғы жәрдемақы төленеді. Мәселен, 2022 жылы 27,8 млн. теңге сомасына 744 білім алушыға көмек көрсетілді, 2023 жылы 904 білім алушыға төлем сомасы 36,7 млн. теңгеге құрады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлық 1386 бала-стайшы буын білім алушылары үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарды (балабақшалар мен шағын орталықтар) тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап Октябрьское ОМ және Бинаш ОМ жанындағы шағын орталықтар толық болу күніне ауыстырылды.

Ауданда «Алтын Ұрпақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың қазан айынан бастап Қарақоға орта мектебі мен Медвежка орта мектебінде «Алтын Ұрпақ»

орталығының «Комьюнити-орталықтар» т.б. филиалдары жұмыс істейді. Қарақоға мектебінде комьюнити-орталық шеңберінде 180 білім алушыны қамтитын 6 бағыт бойынша үйірмелер («Жас блогер», «Домбыра», «Ұлдарға арналған қолданбалы шығармашылық», «Қыздарға арналған қолданбалы шығармашылық», «Робототехника және дрондар», «Дебаттар» жұмыс істейді. Медвежка мектебі - екі бағытта жұмыс істейді: 60 оқушыны қамтитын «Шахмат» және «Музыка» үйірмелері. №2 Булаев орта мектебінде робототехника бойынша үйірме жұмысын қайта бастады.

Біздің ауданда, жалпы бүкіл елдегідей, білім берудің жаңартылған мазмұны енгізілді, есеп берудің көлемін қысқартуды, оқытушылар құрамының жалпы еңбек жүзтемесін азайтуды және еңбек жағдайларын жақсартуды көздейтін «Педагог мәртебесі туралы» Заң сәтті іске асырылуда. Мәселен, 2020 жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мектептер мен балабақшалар педагогтарының жалақысы жыл сайын 100%-ға ұлғайтылды.

«Педагог мәртебесі туралы» Заңымен бірге оқытушылар қосымша әлеуметтік

көпіндіктер алды және оларға тән емес функциялардан ресми түрде босатылды, біліктілікті арттыру курстарынан өту кезеңіндегі 5 жылдан 3 жылға дейін өзгерді, аттестаттаудан сәтті өту қорытындысы бойынша педагогтер біліктілігі санатына байланысты лауазымдық жалақысының 35-тен 100%-ға дейін қосымша ақы алады. 2023 жылы аттестаттау ережелеріне өзгерістер енгізілді: енді 30 жылдық педагогикалық тәжірибесі бар мұғалімдер тестілеуден босатылады. 2024 жылы аттестаттау ережелеріне тағы да өзгерістер енгізілетін болады.

Білім сапасы мұғалімнің кәсіби қызметіндегі құзыреттілігімен анықталады, ал кәсібилік тәжірибемен келеді. Біздің ауданда тәжірибелі талантты мұғалімдер көп. Мәселен, өткен жылы Қарақоға ОМ география пәнінің мұғалімі М.Ж. Ортамыев пен Таман МББ кешенінің физика пәнінің мұғалімі Д.П. Драмарецкий Алматы қаласында өткен «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы шеберлік палитрасы», «Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы шеберлік палитрасы» секцияларында Республикалық педагогикалық идеялар байқауында бірінші орынды иеленді. Ағымдағы жылы Д.П. Драмарецкий Астана қаласында өткен мұғалімдердің бірінші Республикалық съезіне қатысты. М.Ж. Ортамыев «Үздік педагог» байқауының Республикалық кезеңіне қатысады.

Аудан мектептерінің оқушылары осы оқу жылынан бастап түрлі Республикалық байқауларға қатысты: «Менің туған Отаным», «Ғылым бастауында» олимпиадасы, қолданбалы лингвистика бойынша олимпиада, «АқБерен» байқауы, ауыл оқушыларына арналған «АIQANAT» олимпиадасы, 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» ғылыми-зерттеу жобалары байқауы.

«Зерде» ғылыми жобалар байқауында мағжандық оқушылар облыстық кезеңде жүлделі орындарға ие болды: 1 орын – В.Сваричевский (Полтавка ОМ 3-ші сынып оқушысы), 2 орын – Т. Төлеу (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының 2-ші сынып оқушысы), 3 орын – А. Қасым (Хлебоборонне негізгі мектебінің 5-ші сынып оқушысы), А. Лисовая (Молодогвардейское ОМ 7-ші сынып оқушысы).

Спортта ең жарқын жеңіске жеткен – Қарақоға ОМ оқушысы С. Зарап. Өзбекстандағы халықаралық турнирдің күміс жүлдегері атанды (жаттықтырушысы Ж.Е. Аленов).

Өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру – қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Ол қалай дамыды, қандай құндылықтарды ұстану керек – мұның бәрі білімге байланысты. Ұлттың жетістігі білім берудің деңгейіне байланысты. Біздің мемлекетіміз жаңа ұрпақтың білім деңгейін арттыруға, оны өзгермелі әлемге тез бейімделу және өл экономикасын көтеру қабілетіне айтарлықтай күш салуда.

Талғат ҚАРАБАЕВ,
аудандық білім бөлімі
басшысының
міндетін атқарушы.

ОБЛЫСТЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ

МӘДЕНИ ТУРИЗМ

Мәдени туризм - туризмнің ең танымал және жаппай түрі болып табылады. Бүкіл әлемде ол ұзақ уақыт бойы жеке бағытқа айналды және жыл сайын Қазақстанда да барған сайын дамып келеді.

Қазақстан - бай тарихи және мәдени мұрасы бар ел. Ескерткіштердің саны мен әртүрлілігі бойынша біздің облыс республиканың басқа аймақтарынан кем түспейді. ЮНЕСКО дүниежүзілік маңызы бар ескерткіштер деп таныған ескерткіштер де бар. Мәселен, облыстың мәдени құндылықтарының алуан түрлілігі - 600-ден астам тарих және мәдениет ескерткіштері бар, оның ішінде 437 - археология, 163 қала құрылысы және сәулет ескерткіштері.

Маңызды экскурсиялық нысандардың ішінде Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кешені, Сырымбет кентіндегі Шоқан Уәлихановтың мұражай-үй-жайы және «Ботай» неолиттік қонысы өте қызықты. Бұл республикалық маңызы бар ескерткіш 1995 жылғы маусымда әлемнің 10 елінен 60 ғалым қатысқан «Еуразия даласының ерте жылқы өсірушілері» халықаралық археологиялық конференциясының өтетін орны болды.

«Сырымбет» үй-жайына саяхат Саумалкөл ауылынан басталады. Автобуспен туристер Ш. Уәлихановтың тарихи-этнографиялық мұражайы орналасқан Ш. Уәлихановтың әжесінің «Айғаным қонысы» үйіне барады. Оның ауданы 4030 шаршы метрден асады. Оған қонақ бөлмесі бар бар



үйі, мекен, мешіт, дірмен, қызметшілерге арналған тұрғын үй, монша және қосымша ғимараттар кіреді.



орналасқан, ауданы 20 га неолит дәуірінің ескерткіші. Ботай елді мекені 1980 жылы ашылған және өлі күнге дейін зерттелуде. Бұл жерден сенсациялық олжалар табылды - жүздеген ежелгі артефактілер

бұл жерде адамдар жылқыны алғаш рет қолға үйреткенін растады.

Айыртау жерін аралап жүріп Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кешенін көруге болады. Кешеннің жанында көптеген жауынгерлер жерленген. Қазба жұмыстары кезінде мұнда бойы екі метр болатын батырдың қалдықтары табылған. Қабырғаларда батырлардың ерлік істері туралы баяндайтын үш тілдегі мәтіндер ойып жазылған. Кесене қажылық жасау мен экскурсия орны болып табылады. Мұндағы биік төбеден Айыртау даласының керемет көріністері ашылады. Кесене Қазақстанның барлық халықтарының ынтымағы мен достығының, бірлігінің нышаны болып табылады.

Петропавл қаласындағы «Абылай хан резиденциясы» мұражай кешенінде, кеңсе, хан бөлмелері, қонақтар арналған жайларды аралау арқылы тарихқа кез жүгіртуге болады. Мұражай залдарында Абылай дәуіріне байланысты құжаттармен, ұлы ханның өмірімен және қызметімен етене танысуға болады.

Осылайша, біз мағжандықтарға облысымызда орналасқан тарихи орындарға барып, қызықты экскурсиялар жасауға шақырамыз.

Пулеметовқа ауылдық кітапханасы.



Дүйсенбі, 27 қараша	Сейсенбі, 28 қараша	Сәрсенбі, 29 қараша	Бейсенбі, 30 қараша	Жұма, 1 желтоқсан	Сенбі, 2 желтоқсан	Жексенбі, 3 желтоқсан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 ЖӘДІГЕР. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TANSNOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.15 AQPARAT. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30, 01.50 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 ДАЛА ДӘМІ. 14.45 AQORDA. 15.15 APТА. 16.05, 03.30 BIZBEN BIRGE. 17.00, 02.40 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.30 1001 ТҮН. 23.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.45 САНА. 04.30 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.25 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 03.55 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 16.10 BIZBEN BIRGE. 17.00 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.30 1001 ТҮН. 23.35, 01.50 ФУТБОЛ. 01.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 04.45 ДАЛА ДӘМІ. 05.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.20 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30, 02.55 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 ТҮЛПЕ. 15.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 16.10, 04.35 BIZBEN BIRGE. 17.00, 03.45 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.30 1001 ТҮН. 23.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.50 ФУТБОЛ. 05.20 ДАЛА ДӘМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 03.55 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 ШАҢЫРАҚ. 15.15 Д/Ф. 16.05 BIZBEN BIRGE. 17.00, 04.25 ASHYQ ALAŇ. 21.20, 23.35, 01.50 ФУТБОЛ. 23.25, 01.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 05.15 ДАЛА ДӘМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30, 02.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 БІРЕГЕЙ. 15.15, 04.40 MERGENDER MEKENI. 16.10, 03.55 BIZBEN BIRGE. 17.00, 03.05 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 01.05 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.45 ЖӘДІГЕР. 06.30, 17.00 AQPARAT. 07.00, 04.05 АУЫЛДАСТАР. 07.35, 03.05 КҮЙ-КЕРУЕН. 08.15, 03.35 ШАҢЫРАҚ. 08.50, 01.50 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 20.00, 22.15 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 14.35 КОНЦЕРТ. 17.20 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.30 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 01.00 Д/Ф. 04.35 PARASAT MAIDANY.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.20 ЖӘДІГЕР. 06.30, 03.25 АУЫЛДАСТАР. 07.05, 03.50 КҮМІС КОМЕЙ. 07.45, 02.40 Д/Ф. 08.35, 01.45 АҚСАҰҮТ. 09.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 14.40 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 17.20, 02.05 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 00.40 APТА. 20.50, 01.30 AQORDA. 21.00 КОНЦЕРТ. 23.30 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ.

Дүйсенбі, 27 қараша	Сейсенбі, 28 қараша	Сәрсенбі, 29 қараша	Бейсенбі, 30 қараша	Жұма, 1 желтоқсан	Сенбі, 2 желтоқсан	Жексенбі, 3 желтоқсан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 МЕҒАХИТ. «ВЕРНУТЬ БЕНА». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.25 ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ. ЕҢБЕК ҚАУПСІЗДІГІ. 10.35 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ-2». 16.00, 23.30 Т/С «ПО РАЗНЫМ БЕРЕГАМ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҮЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.30 М/Ф. 11.40 М/Ф «БАРБОСКИ- НЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ-2». 16.00, 23.30 Т/С «ПО РАЗНЫМ БЕРЕГАМ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҮЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗГЕ. ХАБАРЛАСҚАН. 10.25 ПОСЛАНИЕ ПРЕ- ЗИДЕНТА. СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО. 10.35 М/Ф. 10.55 М/Ф «ДЖЕКИ ЧАННЫҢ ЖАҢА ХИ- КАЯЛАРЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ-2». 16.00, 23.30 Т/С «ПО РАЗНЫМ БЕРЕГАМ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҮЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ-2». 16.00, 23.30 Т/С «ТАМ, ГДЕ ТЫ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҮЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ-2». 16.00 Т/С «ТАМ, ГДЕ ТЫ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 МЕҒАХИТ. «МЕСТНЫЙ ГЕРОЙ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «JUP-JUBYMEN». 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 САРБАЗ. 09.30 ТҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 10.00 МЕҒАХИТ. «МЕСТНЫЙ ГЕРОЙ». 12.00 М/Ф. 13.30 «КӨШЕ АҚЫНЫ». Х/Ф. 14.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 16.00 Т/Х «ҮКІМ». 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 «ТРАНС», Х/Ф. 23.40 ХАБАР СПОРТ. 00.20 ӘКЕ БАҚЫТЫ.	05.00 JUP-JUBYMEN. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОН- ТЕКСТ. 09.00 ОЯНҒАН ӨЛКЕ. 10.00 «ТРАНС», Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.20 М/Ф «БАРБОСКИ- НЫ». 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/Х «ҮКІМ». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТ- СКИХ РАССЛЕДОВА- НИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «ОБЛАСТИ ТЬМЫ». 00.15 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 27 қараша	Сейсенбі, 28 қараша	Сәрсенбі, 29 қараша	Бейсенбі, 30 қараша	Жұма, 1 желтоқсан	Сенбі, 2 желтоқсан	Жексенбі, 3 желтоқсан
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 04.05 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 «ЗАТИШЬЕ», Х/Ф. 14.00, 02.25 НОВОСТИ. 14.15, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «СПЕЦБАТ». 00.45 Т/С «МОСТАЗ. ПОСЛЕДНЕЕ ДЕЛО ЧЕРКАСОВА». 01.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 04.05 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.45 Т/С «МОСТАЗ. ПОСЛЕДНЕЕ ДЕЛО ЧЕРКАСОВА». 14.00, 02.25 НОВОСТИ. 14.15, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «СПЕЦБАТ». 01.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 04.05 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.45 Т/С «МОСТАЗ. ПОСЛЕДНЕЕ ДЕЛО ЧЕРКАСОВА». 14.00, 02.25 НОВОСТИ. 14.15, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «СПЕЦБАТ». 01.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 04.05 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.45 Т/С «МОСТАЗ. ПОСЛЕДНЕЕ ДЕЛО ЧЕРКАСОВА». 14.00, 02.25 НОВОСТИ. 14.15, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «СПЕЦБАТ». 01.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША CITY. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00, 01.55 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00 Т/С «МОСТАЗ. ПОСЛЕДНЕЕ ДЕЛО ЧЕРКАСОВА». 14.00, 02.35 НОВОСТИ. 14.15, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.05 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «СПЕЦБАТ».	06.00, 03.05 ТАМАША CITY. 07.30, 02.20 «П@УТИНА». 08.30 БЕЙКУНӨ. 10.25 ПОЕХАЛИ! 11.20 «УДИВИ МЕНЯ», Х/Ф. 13.20 «УЛИКИ ИЗ ПРОШЛОГО. РОМАН БЕЗ ПОСЛЕДНЕЙ СТРАНИЦЫ», Х/Ф. 17.15 DASTARHAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «Х ФАСТОР». 20.05 «ПОДЕЛИСЬ СЧАСТЬЕМ СВОИМ», Х/Ф. 00.30 «ФАНТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».	06.00, 02.55 ТАМАША CITY. 07.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.05, 02.10 «П@УТИНА». 09.00 БЕЙКУНӨ. 10.45 ҚАЙМАҚ. 11.20 «ПОДЕЛИСЬ СЧА- СТЬЕМ СВОИМ», Х/Ф. 15.45 X FАСТОР. 16.45 ӘТУТАЙ. 18.00 «КУРИЦА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «КОГДА ВОЗВРА- ЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ», Х/Ф. 00.40 «ПЕРЕПОЙ ЗВЕЗДУ».

Жағдайдың өзгеруі мінезді де өзгертеді.
... адам мінезінің, ақыл – қайратының
әртүрлі болуы – тәрбиенің түрлі – түрлі
болуынан.
Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.



С ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ЕСКЕРТЕДІ

«ҚҰҚЫҚТЫҚ
ТӘРТІП» ЖПІШ

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің тапсырмасы шеңберінде Булаев станциясындағы ЖПБ-і қызмет атқаратын аумақта заңдылықты сақтауды, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін көтеруді қамтамасыз ету мақсатында нақты жұмыстар атқарылуда.

Осы мақсатта, сондай-ақ құқық бұзушылықтарға "нөлдік төзімділік" қағидасын нығайту, көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда тиісті қоғамдық тәртіпті қолдау, вандализм, мүлкті бұлдіру, ұсақ бұзақылық фактілеріне жол бермеу, теміржол қауіпсіздігі желісінде бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу мақсатында ағымдағы жылдың 20-30 қарашасы аралығында Булаев станциясындағы ЖПБ қызмет атқаратын аумағында жалпы республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Булаев станциясындағы ЖПБ қызметкерлері қоғамдық орындарда, оның ішінде адамдар көп шоғырланған орындарда, темір жол вокзалдарында, көші уақытта арнайы құрылған мобильді топпен рейдтік шаралар жүргізілуде.

Булаев станциясындағы ЖПБ қызметкерлері қала тұрғындарына барлық құқық бұзушылықтарға немқұрайлы қарамауға, қоғамдық орындарда бұзушылық жасамауға, Қазақстан Республикасы заңнамаларын бұлжытпай сақтауға шақырады.

ОҚУШЫЛАРМЕН
ӨТКЕН КЕЗДЕСУ

Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімінің сақшылары қызмет атқаратын учаскелерінде орналасқан оқу орындарында тек қана қоғамдық тәртіпті күзетіп қана қоймай, сонымен бірге оқушылар және студенттер арасында кездесу өткізіп, дөріс оқуды әдетке айналдырған.

2023 жылдың қараша айының 20-30-ы аралығында өтіп жатқан «Қауіпсіз қала!» атты жедел профилактикалық іс-шарасы шеңберінде, көмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қоғамға жат қылықтардан аулақ болу, құқық қорғау органы қызметкерлерінің қоғамдағы ролі жайында Булаев ст. ЖПБ бастығы, полиция аға лейтенанты Ә. Әліпбаев Ғанкыно орта мектебінің 9-10 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу басында көлік сақшысы оқушыларға өздерінің жауапкершіліктерін еске салып өтті, паласы басқан жағдайда жасөспірім қандай жауапқа тартылатыны жайында айтылды. Заңды өкілінің қатысуынсыз түнгі уақытта көшеде жүруге болмайтыны жайында еске салып, сол сияқты қоғамдық орындарда өзін ұстау ережелерін таныстырды, сондай-ақ қылмыс құрбаны болып кетуден қалай сақтану керектігі туралы да сөз қозғалды. Сонымен бірге көлік сақшысы осы күні бастауын сынып оқушылары арасында да жол жүру ережесін сақтау туралы дөріс оқыды. Шылым шегу, есірткі затын қолдану неге апарып соқпатыны жайында Булаев ст. ЖПБ бастығы статистикаға сүйене отырып толық мағлұмат берді.

Жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында ҚР ӨҚБТҚ Заңдарын қалай жетік меңгергендері жайында сынақ қабылданды. Оқушылар қойған сұрақтарға сауатты жауап беріп, кездесу соңында оқушылар полиция қызметкеріне осындай маңызды тақырыптарға дөрістер өткізгені үшін алғыс білдірді.

Булаев станциясындағы
желілік полиция бөлімі.

ЖҰҚА МҮЗ – ЖАСЫРЫН ҚАУІП!



Күздің алғашқы төмендеген ауа райының және су айдындарында жұқа мұздың пайда болуымен су айдынында қысқы балық аулау әуесқойлары белсенділік танытады. Мұз қалыңдығы көптеген су айдындарында бірнеше сантиметрден аспайды, бұл жылы киімдегі ересек адамды мұзда ұстау үшін жеткіліксіз болып табылады. Осындай белсенді демалудың соңы қайғылы оқиғаға алып келетіні барлығына анық, дегенмен, әуестік - қарапайым ережелерді ұмытуды және қараша айындағы қатпаған мұзға шығуға себеп болады. Мұз астына түсіп кеткеннен кейін мұздың қалыңдығына ұстануға мүмкіндік болмайды, құтқару мүмкіндігі де аз болады, су болған киім су түбіне тартады, оған қоса суықтан сіңір де тартылуы мүмкін.

Жыл сайын облысымыздың су айдындарында күздің соңында балықшылар қаза тауып жатады: оған ойлап шешім қабылдаумен шектелетін балық аулау әуестігінің қайғылы қорытындысы себеп. Осы кезең қауіпті болып саналады: қар басқан жерлер, ал мұз қалыңдығы балық аулау үшін қолайлы болып көрінеді. Біз барлық әуесқой балықшыларды ерте мұз үстіне шығу алдында ойлануға шақырамыз. Өйткені күзгі балық аулау сіздің өміріңізден артық емес.

Сондай-ақ ата-аналардың негізгі назарын осы мәселеге аударғым келеді, өйткені қауіпке қарамай балалар осындай қауіптен сезіктенбей, мұз үстінде шығып, бейқам хоккей ойнайды, тік жарлардан шамамен сырғанайды. СҚО ТЖД

Суда құтқару қызметінің жұмыскерлері ата-аналардан балаларын байқаусыз қалдырмауын сұрайды. Балалар мұзға жұқа мұзға шығып, өз өмірлерін тәуекелге тікесін! Есте сақтаңыздар, мұздағы қарапайым қауіпсіздік ережелерді сақтамау - өміріңізге қауіп төндіреді!

Алайда, егер де сіз белгісіз жағдайда тәуекелге бел буып, мұз үстіне шықсаңыз, мұздағы болу ережесін сақтаңыз және де қауіпсіздік мақсатында оны ұстаныңыз:

- мұзға шығар алдында оның тұрақтылығына назар аударыңыз. Жаяу жүргін үшін қауіпсіз болып жасылда түсті мұз және 7 см кем болмау керек. Ешқашан да мұз қалыңдығын аяқпен секіріп тексермеңіз;

- мұздың тұрақты еместігіне күмәндансаңыз, мәселен, мұздың жарылуы мен иілуі, мұз үстіндегі су болса, тез арада жағаға қайта оралыңыз.

- тұман, қарлы күні және де түнгі уақытта, жаман ауа райында мұз үстіне шығуды кейінге қалдырыңыз.

Мұздағы төтенше жағдай кезінде келесіні орындаңыз:

- абайсызда шұңқырға немесе мұздың сынуына түсіп кетсеңіз, қолдарыңызды тез жан-жаққа жайып, оларды мұз бетінде ұстауға тырысыңыз, қолдарыңызды алға лақтырыңыз немесе арқаңызға бұрылып, қолдарыңызды артқа лақтырыңыз. Қауіпті жерден өз бетіңізше шығу үшін жатып қозғалуға тырысыңыз.

- апатқа ұшыраған адамға көмек көрсету кезінде, ол жерге тұрып баруға болмайды. Зардап шегушіге ішпен жатып жорғалап жақындаңыз, өйтпесе, сіздің де мұздың астына түсіп кетуіңіз мүмкін. Зардап шегушіге мұз сынған жерге 3-5 метр болатын таяқ немесе арқан беріңіз. Апатқа ұшыраған адам берілген затты ұстағаннан кейін оны жағаға немесе қатты мұзға қарай тартыңыз.

- мұзда апатқа ұшыраған адамды құтқару кезінде ойланым әрекет етіңіз, тыныштық сақтап, сақ болыңыз.

Су айдынының мұзында оқиға болған жағдайда дереу 112 телефоны бойынша бірыңғай құтқару қызметіне немесе жақын жердегі құтқару станциясына көмекке жүгіну қажет. Су-құтқару қызметі азаматтардан күзгі-қысқы кезеңде су айдындарында қырағы және сақ болуды сұрайды. Жұқа мұз - өте қауіпті!

Кирилл ИВАННИКОВ,
ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы,
майор.

БОРАНДЫ ҚЫСТА ЖОЛҒА ШЫҒУ – ҚАУІПТІ!

Біздің аудандағы қыс қатал және оны болжау мүмкін емес. Қыс мезгілінде бір елді мекеннен екінші елді мекенге автомобиль көлігімен сапарлар ерекше қауіп төндіреді. Кез-келген елеулі ақаулық бір-екі емес, тіпті, бірнеше ондаған адамның өліміне әкелуі мүмкін. Сіздердің ешқайсыларыңыз қатты боранға барар жолда келе жатқан автобус жолаушыларының қаза тапқаны туралы жүректі елжірететін оқиғаларды естімегеніңіз екіталай. Сондықтан кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің басшыларына, сондай-ақ олардың апатсыз пайдаланылуын қамтамасыз етуге арналған техникалық қызметтерге үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Бірақ автомобильдердің техникалық жағдайын бақылау қаншалықты тиімді болса да, олардың апатсыз жұмысына 100 пайыз кепілдік бере алмайды. Қыс мезгілінде жедел жөндеу әрдайым мүмкін емес екенін ескере отырып, бірінші кезектегі міндет - көлік құралдарының жолда болу мерзімін қадағалау. Межелі пунктке есепті уақытта жүк көлігі немесе автобус келмеген жағдайда ақпаратты нақтылау және қажет болған жағдайда іздеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін тиісті қызметтерді дереу хабардар ету қажет.

Жеке көлікпен қиынырақ. Егер сіз жылдың осы кезеңінде сапарға барғыңыз келсе (тіпті алыс емес болса да, көліктің ұмытпаңыз - сіздің жолда не күтіп тұрғанын кім біледі. Есіңізде болсын - үйде ұмытылған жүннен жасалған киімдер сізге қатты көмектесуі мүмкін, міндетті түрде алғашқы көмек жинағыңа бірге алып жүру керек! Ыстық төтті шай немесе кофе қосылған термосты, сондай-ақ портативті жылытқышты немесе бірнеше шамды өзіндікнен бірге алып жүру қажет (бірнеше сағат ішінде кез-келген салыстырмалы түрде аз жабық бөлмеде жылулық жайлылықты қамтамасыз ете алатын осы жылытқыштардың мүмкіндіктері туралы бәрі бірдей біле бермейсіз). Құнбағсы майы бар контейнерлерді, шуберектерді немесе таңғыштарды және металл контейнерлерді (консерві банкарларының түрі) өздерімен бірге алып жүретін жүк көлігі жүргізушілерінің тәжірибесі дұрыс. Қажет болса, олар қарапайым, бірақ өте тиімді жылыту және жарықтандыру құрылғысын тез жинайды. Оны жасау бойынша ұсыныстарды интернеттен табуға болады.

Ең бастысы - жоғарыда айтылғандарды пайдалану кезінде өртенбей және уағдай үшін қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Тағы бір нәрсе маңызды - автомобиль дәрі қобдишасында әдетте аяздан алған жарақаттарға қолданылатын медициналық құралдар көп орын алмайды. Төтенше жағдайда өзін-өзі құрметтейтін әрбір автокөлік жүргізушісінің жүксалғышында не болуы керек екенін ұмытпаңыз: күрек, кабель, домкрат, үрлегіш, қуатты фонарь.

Ұялы байланыс, әрине, жеке өңімі. Сізбен бірге жарамды, толық зарядталған ұялы телефон, ал оған қосалқы батарея немесе қуат банкі болуы, тіпті, тамаша. Егер қар құраусында автомобильдер тобы болса, смартфон арқылы алаңдап тұрып жүрмеңіз. Бұл жағдайда көмекке мұқтаж адамдардың санын, сондай-ақ олардың қаншаыс қарттар, әйелдер мен балалар, мүмкіндігі шектеулі жандар және т.б., көліктің техникалық сипаттамалары, қозғалыс маршруттары, отын, су, азық-түлік қорлары және т. б. туралы нақты білуге болады.

Бірақ ең бастысы - туыстарыңыз бен отбасыларыңызға



қайда және қандай мақсатпен баратындығыңызды, қандай көлікпен жүретіндігіңізді алдын-ала хабарлаңыз, маршрутты, кету уақытын және жолда болу уақытын сипаттаңыз. Мүмкін болса, осы деректерді және сіз баратын адамдарға жіберіңіз. Күтпеген жағдай туындаған кезде, ол адамдар сіз туралы білетін болады және іздестіру мен құтқаруға шаралар қабылдайды.

Егер сіз көлікте боран күтіп тұрсаңыз, оны желге сорғышпен орналастырыңыз, мүмкіндігінше ошаулаңыз және мезгіл-мезгіл (отын үнемдеу үшін) палондағы ауаны жылытыңыз. Жылытқышты үздіксіз пайдалану, сіз өзіндік құтқару мүмкіндігіңізді айтарлықтай төмендету қаупін тудырасыз. Көліктің қар массасымен жауып тастау қаупі төнген кезде, мезгіл сайын ескірткіңіз бірін ашып, қарды есікпен итеріңіз, сонда ол сізді салонның сыртынан жауып тастамайды.

Ең маңыздысы мыналар: егер автомобиль шаңақтан жоғары қармен жабылған болса, жарқын, жақсырақ қызыл матаман байланған сырықты (күректі пайдалануға болады) құтқарушылардың іздеуін жеңілдету үшін оны көліктің жанына орнатыңыз. Қармен жабылған машинада, сіз қалай тонып жатсаңыз да, қозғалтқышты іске қоспаңыз. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде шығатын және машинаның салонында біртіндеп жиналатын пайдаланылған газдар - сізді ең қатты аяздан өлдекейде өртерек ұландырады. Егер сіз жылыңғызы келсе, онда сыртқа шығып, автомобильдің түтінін көліктің астына емес, атмосфераға шығаратындай етіп кенірек тазартыңыз. Бірақ сонымен бірге көліктен далаға шыққанда, арқанның бір шетін өзіңізге, оның екінші ұшын машинаға мықтап байлаңыз. Мұны артық сақтық деп атауға болмайды, дегенмен, көптеген адамдар боранның соққы қараңғылығында бағдарын жоғалтып, жанындағы жалғыз құтқару панасынан бірнеше метр ғана алыстап кетіп адасады. Оның соңы өлімге әкелуі мүмкін. Сол себепті, сақтық шараларын ерқашан сақтаңыздар, боранды күнде жолға шықпауға кеңес береміз.

Серік НАУРЫЗБАЕВ,

СҚО ТЖД төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы,
азаматтық қорғау полковнигі.

Директор - бас редактор Неля ГОИЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев каласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldzizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magjan zhuldyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл к.-к, Коммуков к.-к, 5 үй). Таралымы - 555	Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырмасы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуді ресми басым болып табылады
--	--	---	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есенке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қолқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ретенцияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады